



Мектеп директорына

Т. Рысқұлов ауданының білім бөлімі 2026 жылдың 23 ақпан күні ағылшын тілі пәні мұғалімдеріне арналған «**Ағылшын тілі сабағында сыныпты тиімді басқару – білім сапасын арттырудың негізгі тетігі**» (*Effective Classroom Management as a Key Factor in Improving Learning Outcomes in English Lessons*) тақырыбында аудандық әдістемелік шеберхана Қ. Сұлтанбеков атындағы орта мектебінің базасында өтетіндігін хабарлайды

Әдістемелік шеберхананың мақсаты - ағылшын тілі сабағында сыныпты тиімді басқарудың маңыздылығын айқындау, мұғалімдердің classroom management саласындағы кәсіби құзыреттілігін арттыру және оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенділігін күшейтуге бағытталған тиімді әдіс-тәсілдермен тәжірибе алмасу,

Осыған орай, аталған іс-шараға көрсетілген тақырып аясында **әр мектептен бір әдістемелік жұмыс (әдістің әзірлемесі)** қабылданады. Ұсынылған жұмыстар аудандық білім бөлімі тарапынан сарапталып, іріктеуден өткізіледі. Іріктеуден өткен әдістемелік жұмыстардың авторлары әдістемелік шеберхананың екінші бөлімінде өз жұмыстарын іс-шара қатысушыларымен практикалық тұрғыда жүргізіп көрсетеді.

Әдістемелік жұмыс (әдістің әзірлемесі) авторларына қойылатын талаптармен танысу үшін **1-қосымшаны** басшылыққа алу қажет.

Әдістемелік шеберханаға қатысушының кестеге сәйкес рәсімделген сұранысын (**2-қосымша**) және әдістемелік жұмысын ағымдағы жылдың **6 ақпанына дейін** әдіскер Р. Каландароваға қағаз және электронды нұсқада тапсыру қажет.

Қосымша: 2 бет.

**Тіркелу:** сағат 9:00

**Басталу:** сағат 9:20

Басшының м. а.

Б. Самылтыров